

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған Адырбекова Maye Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» атты диссертациялық жұмысына

ПКІР

Диссертациялық жұмыс бұқаралық ақпарат құралдарының ағылшын және қазақ тілді газет дискурсында персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Тақырып өзектілігіне негіз болған лингвистикадағы газет дискурсының бүгінгі күн оқырман аудиториясына тигізер әсері иландыру коммуникациясы тұрғысынан кең тарап келе жатқан даулы мәселе саналады. Соның салдарынан отандық және шетелдік тіл ғылымы зерттеушілері үшін коммуниканттар арасында иландыру мақсатында персуазивтік ерекшелікке ие тіл бірліктерін ағылшын және қазақ тілді газет материалдары тұрғысынан салыстырмалы түрде зерттеу екі тілдің ғана емес, сонымен қатар екі мәдениеттің әлеуметтік өмірін салыстыруға мүмкіндік берді. Өркениеттік даму дәрежесі мен ақпараттық қызметтің оқырман аудиториясына көрсетер ұқыптылығы осы газет материалдарынан айқын байқалатынын аңғарған М.К.Адырбекова персуазивті коммуникацияға байланысты тақырыпты таңдауда басты назарды авторлық стиль мен оқырмандық талапқа аударған. Нәтижесінде иландыру коммуникациясын шетелдік және отандық лингвистика дәрежесінде зерттеу үшін арнайы коммуникативтік стратегиялардың ғылымға белгілі түрлерімен қатар жаңа түрлерін де қолдану қажеттігі анықталды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері тақырып өзіктілігі мен мақсатын толықтай ашады. Медиадискурстың заманауи қоғам өміріндегі рөлін айқындаудан бастап, иландыру коммуникациясына екі тілді лингвомәдениет тұрғысынан өзіндік анықтамасын берген зерттеуші газет дискурсының оқырман үшін үздіксіз қызмет атқарушы бірден-бір сала екенін дәлелдеуге тырысқан. Медиаадресант пен медиаадресат байланысын сипаттауда отандық және шетелдік лингвисттердің еңбектерін негізге ала отырып, оларға үстеме сипат берген. Газет дискурсында персуазивті коммуникация оқырман назарын аударту ниетімен сұхбат тақырыбынан бастап, соңғы абзацта келтірген тұжырымына дейін жеке-жеке зерттеуді қажет ететін стратегиялардан тұратыны белгілі болды. М.К.Адырбекова когнитивті-психологиялық тұрғыдан иландыру мақсаты газет дискурсында жүзеге аспас бұрын ағылшын және қазақ тілді оқырмандардың болмыстық қасиеті мен сұранысына орай ақпараттық қалауы және журналистке қояр талаптық талдаудан өтетінін дәлелдеген. Нәтижесінде ағылшын тілді оқырман мен қазақ тілді оқырман сұранысында біршама айырмашылық бар екені және соған орай зерттеу барысында қолданылар тактикалар да өзара ерекшеленетіні анықталды.

Стратегиялық түрғыдан коммуникация мақсаты мен күтілер нәтижесіне байланысты бұрын зерттелген персуазивтік стратегиялар негізге алынды. Дегенмен, таңдаулы газет материалына жүргізілген талдау бұл стратегиялардың аздық ететінін көрсеткен. Соның салдарынан автор тарапынан персуазивті коммуникацияны газет дискурсында анықтау үшін жаңадан үш стратегия және тактикалар ұсынылды. Сұхбат жанрының сипаты мен екі мәдениет тілшілерінің қызмет ету болмыстарын ескере отырып, иландыру мақсатын дәлірек анықтауға мүмкіндік беретін жаңа үш стратегия бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы болып отыр.

Адыrbекова Мауенің диссертациялық жұмысында зерттеушіге тән өзіндік авторлық стиЛЬ және лингвистикаға қосатын өзіндік үлесі бар. Дегенмен, бұл тақырып болашақта докторант тарапынан жаңа ғылыми зерттеуді талап етуі мүмкін. Оған себеп бұқаралық ақпарат құралдарына күн сайын өсіп келе жатқан оқырмандық сұраныс бұл салада қолданылатын иландыру коммуникациясының күрделілігін де асыруы ғажап емес. Демек, докторант ұсынып отырған жаңа коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың қатарына болашақта жаңа коммуникативтік стратегиялар мен тактикаладың қажеттігі анықталуы әбден мүмкін. Докторанттың бүгінгі нәтижесі ертеңгі күнгі зерттеуінің алғышарты болары анық.

Жоғарыда аталып өткен ерекшеліктерді ескере отырып, Адыrbекова Maye Колибаевнаның «Персуазивті коммуникацияның лингвопрагматикалық ерекшеліктері (ағылшын және қазақ газет дискурсы материалы негізінде)» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысын «Ғылыми Дәрежелер Беру Ережелерінің» талаптарына сай келуін негізге ала отырып, «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп бағаланады.

Пікір беруші:

**Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өнірлік университеті
филология ғылымдарының кандидаты,
ағылшын және неміс тілдері доценті**

З.Е.Сулейменова

тел.: +7 701 463 44 91
e-mail: zamz@inbox.ru

